Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

9 қаңтар сенбі

№2 (1704)

2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Қасым–Жомарт ТОҚАЕВ
Қазақстан Республикасының Президенті

БАҒДАР МЕН БЕЛЕС

Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет.

Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр.

Мен азаттықтың алғашқы онжылдығын жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі деп атар едім. Осы уақытта Елбасының басшылығымен мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

«Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдадық. Шығыстағы көршімізбен шекарамызды бекіттік. Басқа да іргелес мемлекеттермен шекара жөніндегі келіссөздер қарқынды жүргізіле бастады. Ел аумағын ядролық қарудан толық тазарттық. Елордамызды Арқа төсіне көшірдік. Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырдық. Отандық бизнестің негізін қаладық. Жастар әлемнің маңдайалды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырып, Ұлы көшке жол аштық. Соның нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді.

Екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі. Осы жылдарда мемлекетіміздің тұғыры нығайып, экономикалық әлеуетіміз арта түсті. Құрлықтағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендедік. Солтүстік Аралды құтқарып, қашқан теңізді қайтардық. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммиттерін өткізуге және басқа да бірқатар маңызды халықаралық жобаларға бастамашы болдық. Елімізге шетелден қомақты инвестиция тарттық. Есілдің жағасында бой көтерген еңселі елордамыз ұлттық идеямызға айналды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Тұрғын-үй құрылысы да бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды.

Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Шекара мәселесін біржола шештік. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межеледік.

Әр бағыт бойынша «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму», «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» сияқты ауқымды бағдарламалар жүзеге асырылды. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға баса мән бердік.

Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан Елбасы Тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналды десек, ақиқатты айтқан болар едік.

Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет.

2 БЕТТЕ

ТҰЛҒА

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Жақында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы аты аңызға айналған қазақтың бұлбұл әншісі Роза Бағланованың есімін ұлықтауды тапсырды.

БҰЛБҰЛ ӘНШІ, ҚАҺАРМАН АРУ

«2022 жылдың 1 қаңтарында қазақтың бұлбұл әншісі Роза Бағланованың туғанына 100 жыл толады. Майдан даласында ән салған Р.Бағланова қазіргі күнге дейін еліміздегі және шетелдегі ән сүйер қауым арасында кеңінен танымал. Оның есімін мәңгі есте сақтау үшін шаралар қабылдауды тапсырдым» – деп жазды мемлекет басшысы Twitter-дегі парақшасында.

Сыр өңірінде туған күміс көмей әнші мұндай құрметтің жүзіне лайық екені анық. Өмірінің бойжеткен шағы ашаршылық, аласапыран уақытпен тұспа-тұс келген әнші ел мен жер үшін қызмет етті. Тіпті Ұлы Отан соғысы кезінде сарбаздарды жігерлендіру үшін майдан даласында ән шырқауы да нағыз ерлік.

4 БЕТТЕ

ЭКОНОМИКА

Биыл Сыр өңіріне «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысына және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен 10,5 млрд теңге бөлінді. Қомақты қаржыға 1572 пәтерлік 76 тұрғын үй тұрғызылатын болады. Қазіргі таңда 487 нысанның құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Оның 211-і Қызылорда қаласында, қалғаны аудандарда орналасқан.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ

Халықтың әлеуметтік осал топтары мен аз қамтылған отбасыларға арналған 342 пәтер сатып алуға бюджеттен 2,9 млрд теңге бөлінді. Баспананың 192-сі қала, қалғаны аудан тұрғындарына беріледі.

Жалға берілетін 1020 пәтерді құрайтын 95 тұрғын үйдің құрылысын салу жоспарлануда. Мәселен, Шиеліде – 72 пәтерлі 4 тұрғын үй, Байқоңыр қаласында – 250 пәтерлі 5 үй, Сырдария ауданында – бір пәтерлі 33 үй, Қызылорда қаласында – 590 пәтерлі 12 тұрғын үй.

Жұмыспен қамту 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы аясында 75 пәтерлі 41 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіледі. Кредиттік тұрғын үйлер бойынша барлығы 665 пәтерді құрайтын 38, жеке қаражат есебінен 220 пәтерді құрайтын 6 тұрғын үйдің құрылысы салынады. Биыл өңірде 644,7 мың шаршы метр көлемінде тұрғын үй пайдалануға беру жоспарланған.

«Ақмешіт ақпарат»

САЙЛАУ–2021

«САЙЛАУҒА ДАЙЫНБЫЗ»

дейді қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Ә.Ергешбаев



Ертең – елімізде саяси науқан. ҚР Парламенті Мәжілісі мен жергілікті мәслихат сайлауы.

Биылғы сайлау өзгеше сипат алды. Саяси жаңғыру жолында гендерлік саясат пен жастарды қолдауға басымдық берілген. Сонымен қатар депутаттыққа саяси партияның тізімі мен Қазақстан халқы ассамблеясы ұсынған азаматтар сайланады.

3 БЕТТЕ

10 қаңтар – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен жергілікті мәслихат депутаттарының сайлауы

ӘБІГЕР ӘЛЕМ

THE WALL STREET JOURNAL.

ДЕМОКРАТИЯ «ТОЛҚЫНЫ»

АҚШ-тағы сайлауда Джо Байден үстем түсіп, 2021 жылдың 20 қаңтарында ресми билікті қолына алуы тиіс еді. Жақында президент инаугурациясының жоспары да әзірленіп, салтанатты шараға дайындық күшейтілген. Тіпті, қазақстандықтар Байденді «таққа отырғызу» салтанатына әнші Димаш Құдайберген қатысады екен деп бөркін аспанға атқан болатын. Алайда қуанышқа күмән араласты. Себебі 7 қаңтар күні Трамптың жақтастары Вашингтонда Капитолийдегі қоршауды бұзып, сенат залына баса-көктеп кірді. Құқық қорғау органдары ереуілшілерге көзден жас ағызатын газ, түрлі-түсті граната қолданып, тоқтатуға тырысқанымен еш нәтиже бермеді. Бірнеше сағатқа созылған ереуілде 68-ге жуық азамат ұсталып, адам өлімі тіркелген.

Әлемдік ақпараттық агенттіктер мен теле-арналар қайғылы оқиға туралы нақты ақпарат шеңберінде тәулік бойы хабар таратуға тырысуда. Осы орайда «The Wall Street Journal» басылымы да бейсенбілік нөмірге Сади Гурман мен Эндрю Дюреннің «Полиция Капитолийдегі шабуылға дайын болмады» атты мақаласын жариялады. Мақала қарсы топтың неліктен мұндай қадамға барғаны, АҚШ үкіметінің ендігі жоспары қалай болмақ деген сауалдарға жауап іздеуге тырысқан.

«Трамптың жақтастары дауыс санағына тек қарсылық көрсетумен шектелмей, күш қолдануға дейін барды. Мыңдаған ереуілші Капитолий жанындағы полицейлерге қарсылық көрсетіп, олар ғимарат шатырында қорғануға мәжбүр болды. Себебі негізгі күш Конгресс мүшелерін жақын маңдағы Форт Макнейрдегі әскери базаға жеткізумен айналысқан. Бір өкініштісі, қарсылық кезінде полиция атқан оқтан бір әйел адам көп ұзамай қаза тапты.

Билік аталған ереуілді тарқатуды осы аптаға жоспарлап, аз күш пен үгіт арқылы қақтығыстың алдын алуға ниет білдірді. Бұған дейін қорғаныс министрлігінің өкілдері Ұлттық гвардияның 350 әскері Вашингтонды қорғауға жеткілікті деп санаған еді. Олар қарсылық шарасында, ары кетсе, жолдарды бөгеу, азаматтарды тарқату әрекеті ғана жеткілікті болады деп шамалаған. Көріп тұрғанымыздай, мамандар болжамы қисынсыз өрілген. ФБР-дің бұрынғы қызметкері Дэвид Гоместің пікірінше, Капитолий полициясы мұндай ауқымды қарсылыққа дайын болмаған. Оның үстіне, көптеген аймақтың құқық қорғау органдары оқиға кезінде Трампқа қарсы келе алмай немесе жаппай тәртіпсіздікті басу тәжірибесінің аздығынан жағдайды дер кезінде қолға алмады. Бұл – үлкен сын».

АҚШ-та демократтар мен республикашылдар алауыздығы бұрыннан бар-тұғын. Бірақ Конгрессті күшпен басып алу әрекеті осы мәселенің түбегейлі жаңа сипатқа енуіне әкеліп соқты. Бұған басты себепкер, әрине – Трамп. Ол жақтастары алдындағы мәлімдемеде билікті «күшпен болсын, бейбіт жолмен болсын жанын сала қорғайтынын» жеткізіп, сайлау дауысын мойындамағанын білдірген. Сондықтан, бүгінгі қайғылы жағдай – Трамптың ереуілшілердің қолтығына су бүріккен әрекетінің жемісі.

Сонымен қатар авторлар мақалада лауазымды шенеунік пен жауапты басшылардың пікірлерін де топтастыра білген. Әсіресе, айтарлықтай салмаққа ие вице-президент Майк Пенс, министрлер мәлімдесі істің келесі фазасын айғақтаған еді.

«Оқиғадан кейін ел көлемінде қауіпсіздік күшеюде. Бейсенбіде Нью-Йорк губернаторы Эндрю Куомо қалаға мыңнан астам Ұлттық гвардия әскері кіргенін айтса, Нью-Джерси штатындағы полицейлер Вашингтон қаласына көмекке келген.

Ал билік өкілдері әрекетті әртүрлі қабылдады. Алайда басым бөлігі ел тұтастығына қатер төндірген тәртіпсіздікті сынға алған. Мәселен, бас прокурор Джеффри Розен оқиғаға «Фундаментальды демократия институтына жасалған озбырлық» деп баға берсе, бұрынғы сенат мүшесі Дональд Ричи «бұл нағыз американдықтардың қарсылық бейнесі емес» деп бағалады. Ал, Майк Пенс: «Кінәлілер міндетті түрде заң шеңберінде жазасын алады» деді. Ал Білім министрі Бетси Девос бейсенбіде президентке (Дональд Трамп әлі ресми түрде АҚШ президенті лауазымында –ауд.) арызхатын жазып, қызметінен өз еркімен кеткенін мәлімдеді. Министр хатында: «Сіздің әкімшілік жеткен жетістік пен нәтиже американдықтардың арқасы екенін естен шығармауыңыз керек. Сол үшін тәртіпсіздікті тоқтатып, ереуілшілер тудырған күш көрсетуді тежеу маңызды. Бұл – бізге жат амал. Сөзсіз, аталған оқиғаға сіздің мәлімдемеңіз бен үндеуіңіз тікелей әсер етті. Маған да үлкен соққы болды. Себебі, билікті бейбіт түрде ауыстыру Америка демократиясын банан елдерінен (саяси ұғым - ауд.) ерекшелейтін қасиет еді» деген. Сондай-ақ, Көлік қатынасы министрі Элейн.

Чао да өз еркімен орындығын босатты. Айта кетерлігі, оқиғадан кейін тәулік бойы Трамптың Twitter желісіндегі ресми парақшасы бұғатталған.

Д.Трамп демекші, президент қақтығыстан кейін арнайы мәлімдеме жасады. Ол: «Дәл осы сәт шыдам мен үндестікті қажет етеді. Капитолийге баса-көктеп кірген ереуілшілер Американың демократия тағын төңкерді. Үйлеріңізге оралыңыздар. Мен сіздерді жақсы көремін» деді. Саяси сарапшылар болар іс болғасын Трамптың «шегінуі» еш нәтиже бермейді деген пікірде. Ең қорқыныштысы, сенім мен ынтымаққа сына қаққан оқиға қарапайым халықтың онсыз да үзілерге жеткен ішкі сабырын сарқуы мүмкін деген болжам айтылуда.

Не де болса, АҚШ тарихындағы ауқымды билікті узурпациялау, яғни күшпен мойындату әдісі қолданылды. Бұл шындықты ешкім жоққа шығара алмайды. Істің басы-қасында жүрген Трамптың ендігі шегінерге жолы, ақталарға себебі қабылданбасы белгілі. Мұны оның мінезі мен ұстанымын бұрыннан білетін саясаткерлер де кесіп айтты.

Шынында, мүмкін, басқаша комбинацияны таңдағанда Трамптың жолы болып, ереуілді ел шарасыздығына жатқызуға болар ма еді, кім білсін. Бірақ, адам шығыны мен күш көрсету, оның билікті ұстап қалу ықтималдығын нөлге түсіріп, өзі айтқандай, демократия тағын төңкерді.

4 БЕТТЕ

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарта түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет дегеніміз – осы.

Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді.

Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек.

Қазіргі пандемия және соның салдарынан туындаған дағдарыс бүкіл әлемнің бұрын болмаған жаңа сынақтармен бетпе-бет келіп отырғанын анық көрсетті. Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да қатерлерге қоса, жер жүзіне жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келеді. Жаһандану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі.

ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек.

Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс.

Кезінде «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлт шежіресін түгендеуге жол ашты. Отандық тарих ғылымы тың серпінмен дамып, түрлі бағыттар бойынша көптеген зерттеу жүргізілді. Бұрын беймәлім болған қаншама тарихи деректер, археологиялық қазыналар табылды. Тарихымыз сан мың жылдан тамыр тартатынын айғақтайтын жаңалықтар ашылды. Елбасының осындай іргелі бастамалары халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға зор үлес қосты. Бағдарлама аясындағы еңбектер том-том болып жарыққа шықты. Дегенмен сол қажырлы еңбектің жемісін көпшілік көріп отыр ма? Зерттеу жобаларының біразы ғылыми институттар мен орталықтардың аясында ғана қалып қойған жоқ па?

Мұндай іргелі ізденістердің нәтижесі тек осы сала мамандарының игілігіне ғана айналуы орынсыз. Оны қалың жұртшылыққа түсінікті және қолжетімді ету қажет. Өйткені тарихшылардың ғана емес, барша жұрттың, әсіресе, жас ұрпақтың тарихи санасы айқын әрі берік болуға тиіс. Бұл ретте, ауқымды көрмелермен немесе басқа да үлкен жобалармен әуестенбей, балаларға, жастарға арналған қарапайым әрі қабылдауға жеңіл туындыларға баса мән берген жөн. Мысалы, деректі және көркем фильмдерді алайық. Осы бағытта «Алмас қылыш», «Жау жүрек мың бала», «Томирис», «Кейкі батыр», «Тар заман» сияқты тарихи фильмдер түсірілді. Бірақ бұл әлі жеткіліксіз.

Мен құзырлы органдар мен отандық телеарналарға мемлекеттік тапсырыстың белгілі бір бөлігін міндетті түрде тарихи тақырыптарға бағыттауды тапсырамын. Әрине, қаржы мәселесі шешілуі керек. Дегенмен көп қаражат жұмсамай да жоғары деңгейдегі өнер туындысын түсіруге болатынын қырғыз бауырларымыз «Құрманжан датқа» фильмі арқылы анық көрсетті.

Бүгінде әлемдік киноиндустрияда тарих тақырыбындағы сценарийлерге сұраныс жоғары. Американың да, Еуропаның да айтулы оқиғалары туралы фильмдер өте көп. Қазір Netflix, HBO және басқа да алпауыт кинокомпаниялар Азияға бет бұруда. Осы орайда біздің де шежіремізде ауқымды фильмдерге арқау болатын маңызды белестер мен оқиғалар баршылық. Мысалы, әлемдегі ең қуатты империялардың бірі болған Алтын орда тарихы дайын тұрған жоқ па?! Бұл мәселеге болашақта кино саласының мамандары баса назар аударғаны жөн.

Көркем және деректі тарихи туындыларда мемлекеттілік және мемлекетшілдік идеясы әрдайым көрініс табуы қажет. Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды.

Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс.

Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді.

Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек.

Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс.

Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек.

Біз жыл соңына дейін жаңа тарихымыздағы бірнеше айтулы оқиғаның мерейлі белесін атап өтеміз. 1991 жылы Семей полигоны жабылды. Оның еліміз ғана емес, барша адамзаттың болашағы үшін айрықша маңызды шешім екенін ескеріп, арнайы іс-шара өткізу қажет деп санаймын. Елбасы қол қойған Жарлықтың арқасында Қазақстан бүкіл дүние жүзіне ядролық қару-жараққа қарсы әлемдік қозғалыстың көшбасшысы болып танылды, алып мемлекеттердің сеніміне ие болды, халықаралық қоғамдастықта жауапкершілігі жоғары ел ретінде мойындалды.

«Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» дейді халқымыз. Кешегі өткен хандар мен қағандардың дәуірі ғана емес, соңғы отыз жылдағы жасампаздық жолымыз да бүгінде тарихқа айналып, күн сайын алыстап барады. Азаттық таңын өз көзімен көрген алдыңғы буын болмаса, кейінгі жастар өткен ғасырдың 90-жылдарындағы тарихи оқиғалардың тереңіне бойлап, мәнін жете түсіне бермейді. Тәуелсіздікке тағдырдың бере салған сыйы ретінде қарайды. Шын мәніндегі ахуал олай емес.

Елбасы сол кездегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және басқа да жағдайларға байланысты жеті рет емес, жетпіс рет өлшеп, бір рет кесуге мәжбүр болды. Біз тығырықтан шығар жолдың саңылауы да көрінбейтін қиын күндерден қақтығыс пен қантөгіске ұрынбай аман шығып, ешкімге есемізді жібермей, жаңа сипаттағы Қазақ мемлекетін құрдық. Бүгінгі және болашақ ұрпақ мұны әрдайым біліп отыруы керек. Сол үшін Қазақстанның жаңа тарихын да жүйелі зерттеген жөн.

Шынына келсек, Тәуелсіздік жылдарында бірнеше рет қолға алынғанына қарамастан, ұлттық мүддемізге сай келетін көп томдық жаңа тарихымыз әлі толық жазылған жоқ. Оның тұжырымдамасын бұған дейінгі олқылықтарды ескере отырып қайта қарап, жаңа ғылыми ұстанымдар мен жаңалықтардың негізінде тыңнан жазатын уақыт әлдеқашан келді. Барлық оқулықтар осындай іргелі еңбекке негізделіп әзірленеді. Бұл – ұлт шежіресін дәріптеу тұрғысынан алғанда стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан, Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуды дереу бастау керек. Түптеп келгенде, тарихи сананы жаңғырту мәселесінің түйіні – осы. Бұл іске беделді тарихшыларымызды тарту қажет.

Сонымен қатар шетел аудиториясына арналған Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуды ұсынамын. Бұл – қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын әлемге танытудың бірден-бір жолы.

Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

ҚОҒАМ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚ

Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз.

Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Жалпы, тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек.

Шекара сызығын ресми түрде халықаралық шартпен бекітіп, оны әлем жұртының мойындауы соңғы бірнеше ғасырда үрдіске айналды. Оған дейін қазіргідей делимитация, демаркация деген ұғымдар болмаған.

Біз шекара мәселесін шешумен нақты айналысып жатқан кезде кейбір саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері «біз бұған асықпайық», «кейін де келісуге болады» деп арқаны кеңге салғысы келгені есімізде. Келіссөздерді табандылықпен жүргізіп, іргемізді дереу қымтап алғанымыз өте дұрыс болғанын уақыттың өзі дәлелдеп берді. Қазір кім не айтса да, біздің екіжақты келісімдермен бекітіліп, халықаралық деңгейде танылған шекарамыз бар. Енді оған ешкім дауласа алмайды.

Аумақтық тұтастығымызға күмән келтіріп, тату көршілік қатынастарға сына қаққысы келетін кейбір шетел азаматтарының арандатушылық іс-әрекеттеріне ресми және қоғамдық деңгейде тойтарыс бере отырып, ағартушылық жұмыстарын ұстамдылықпен жүргізген жөн. Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді.

Жоғарыда айтқанымдай, шекарамыз толығымен шегенделді. 2018 жылы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін құрлықтағы ғана емес, теңіздегі шекарамыз да біржола айқындалып, түпкілікті шешілді.

Қазақстан – біртұтас мемлекет. Еліміз оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс деп бөлінбейді. Бұл – тек бағытты білдіретін шартты атаулар. 2018 жылы Елбасының Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысына Түркістан атауы берілді. Тарихи әділдікті қалпына келтірген орынды шешімді халық бірауыздан қолдап, өте жылы қабылдады. Өйткені, мұндағы шежірелі шаһар ғана емес, тұтас өңір көне замандардан бері Түркістан деп аталған. Осы игі үрдісті еліміз бойынша жалғастыруға болады. Біз мұндай қадамдарды байыппен жасаймыз.

Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет. Келесі жылы Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі аяқталады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату – өте маңызды мәселе. Сондықтан биыл Жер мәселесі жөніндегі комиссияны құрып, соның аясында бір байламға келген жөн.

Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын. Бірақ біз соны бағалай білеміз бе?! Жер қадірін білу жалаң ұранмен өлшенбейді. Өкінішке қарай, асқар тауларымыз бен айдын көлдеріміз, ұлан-ғайыр даламызды ластап жатқан да өз азаматтарымыз. Көкжайлауға от жағып, қоқыс шашып кеткен де, Көбейтұздың батпағын шелектеп тасып, көлдің ортасында көлікпен ойқастаған да солар. Бір тұтам мүйізі үшін көзін мөлдіретіп киіктерді қырған да өзгелер емес. Қасиетті жеріміздің киесінен қорықпай, жат жұрттың да қолы бармас әрекеттерді жасап отырып, қалайша осы мекеннің иесіміз деп кеуде соға аламыз? Бұл – ащы да болса, шындық. Біз жеріміздің шын жанашыр иесі екенімізді нақты іспен көрсетуге тиіспіз. Ол көшеге қоқыс тастамау, көрінген жерге от жақпау сияқты қарапайым нәрселерден бастап, жалпыхалықтық сипаттағы ауқымды экологиялық шаралар арқылы көрініс табуы қажет.

Мұның бәрі тәлім-тәрбиеден басталады. Ата-анасымен бірге ауласына ағаш екпеген, үлкендердің жан-жануарға мейірімін көрмеген, кішкентайынан табиғатты аялауға дағдыланбаған бала өскенде туған жеріне жаны ашымайды. Мәселе экологияда емес – отаншылдықта, заңда емес – санада.

Елі мен жерін сүю үшін жас ұрпақ байтақ Қазақстанның ғажайып жауһарларын білуге тиіс. Батыста Бозжыра мен Шерқала, күнгейде Ақсу-Жабағылы мен Сайрам-Өгем, Жетісуда Хан Тәңірі мен Шарын, Көлсай мен Қайыңды, Қапал - Арасан, Алтынемел мен Бұрхан бұлақ, шығыста Мұзтау мен Шыңғыстау, Марқакөл мен Рахман қайнары, Арқада Бурабай мен Баянауыл, Ұлытау мен Қарқаралы, терісклейде Имантау мен Айыртау және басқа да көрікті жерлеріміз жетіп артылады. Жер жәннатын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Бәрі өзімізде бар. Жастарға осындай керемет табиғатымызды танытып, оны қадірлеуге баулуымыз керек.

Уақыт ұттырмай қолға алып, дәйекті түрде іске асыратын тағы бір шаруа бар. Халықтың қалалық жерлерге жаппай көшуі салдарынан көптеген ауылдарда, әсіресе, шекара маңындағы елді-мекендерде тұрғындар саны күрт азайды. Біз еңбек күші көп оңтүстік өңір тұрғындарының солтүстік және шығыс аймақтарға қоныстануына қолайлы жағдай жасап, осы жұмысты назарда ұстаймыз. Бұл – өте өзекті әрі еліміздің қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Бұған қоса соңғы жылдарда түрлі себептерге байланысты бәсеңдеп қалған қандастар көшін барынша қолдап, оларды жоғарыда айтылған өңірлерге орналастыруды жандандырамыз.

Бұл екі мәселенің де стратегиялық маңызы бар. Оған кезекті науқан ретінде қарауға болмайды. Жергілікті билік мұндай жұмыстарды жоғарыға көпірген ақпар беру үшін емес, мемлекеттік мүдде және ағайынға шынайы жанашырлық тұрғысынан жасауға тиіс.

Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді.

Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты.

Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан, қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары.

Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек.

Ана тілімізді кеңінен қолдану – басқа тілдерге, әсіресе орыс тіліне шектеу қойылады деген сөз емес. Барша этнос өкілдерінің ана тілін, салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасала береді. Жастарымыз бірнеше тіл білу өздерінің көкжиегін кеңейтіп, көкірек көзін оятатынын жете түсінгені абзал.

Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты құдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты біз қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көпэтностық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық. Көптеген шетелдік сарапшылардың елімізге қатысты «Еуразиядағы шырпы тисе лап еткелі тұрған қурай», «failed state» сияқты болжамдарын жоққа шығардық. Бұл жолда тыныштық пен тұрақтылықтың бастауы болған Қазақстан халқы ассамблеясы тиімді жұмыс атқарды. Ешкімді ұлтына қарап, бөле-жарған жоқпыз. Бәрінің өсіп-өнуіне толық жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Біздің ұлтаралық келісім саясатымыз әлемді мойындатты. Халқымыздың осындай ырыс-ынтымаққа негізделген жарасымын бағалай білуіміз керек. Бұл – кемел келешекке бастайтын бірден-бір дұрыс жол. Сондықтан ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті. Түптеп келгенде, еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз.

Осы орайда халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Мысалы, Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады.

ҰЛАҒАТ ПЕН ҰСТАНЫМ

Соңғы кезде қазақстандықтардың ел өміріне белсенді араласуға, шешім қабылдау үдерісіне қатысуға ынтасы артып келеді. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамам және Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – осы сұранысқа тікелей жауап. Оны Ордабасыдағы, Күлтөбедегі, Ұлытаудағы ұлы жиындардың заманауи үлгісі деуге болады. Біз қазақтың қанына сіңген қасиет – келелі істі ақылдасып бірге шешу дәстүрін жалғастыра береміз.

Бұл бастамалар азаматтық қоғамды дамытуға негіз болады. Қазіргі шаралар аяқ астынан мәжбүрліктен қолға алынған жоқ. Ол – елімізді демократияландыруға, саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған саясаттың жемісі.

Саяси реформа бір күннің немесе бір жылдың шаруасы емес. Мұны ел іргесін шайқалтпай, береке-бірлігін бұзбай, байыппен және біртіндеп іске асыруымыз керек. Бірақ реформаны соза беруге де болмайды. Билік халықтың алдындағы өз жауапкершілігін сезінгені жөн. Сол себепті біз ауыл және кент әкімдерін сайлауға көшеміз. Осы арқылы ең төменгі деңгейден бастап жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз. Бұл қадам өзекті мәселелерді тұрғындар мен жергілікті биліктің бірлесіп шешуі үшін қажет. Содан кейін аудан әкімдерін сайлаймыз. Жаңа жүйе өзінің тиімділігін көрсетсе, бұдан да жоғары деңгейдегі әкімдерді сайлайтын боламыз.

Бірақ саяси жаңғыру барысында асығыстыққа бой алдыруға және жалаң ұранға еріп, мемлекеттік жүйені дағдарысқа ұшыратуға болмайды. Бір сәтте барлығын түбірімен өзгерту неге әкеп соқтыратынын кейбір елдердің бүгінгі ахуалынан көріп отырмыз. Елімізде, ең алдымен, адамның құқығын толығымен сақтауға негізделген заң мен тәртіп болуы керек. Анархия мен жүгенсіздік жақсылыққа апармайтыны анық.

Қазақстанның саяси жүйесі заман талабына сай дамып келеді. Мәжіліс депутаттарының биылғы сайлауы – көппартиялы Парламентті орнықтыру жолындағы маңызды қадам. Бізде саяси көзқарастары әртүрлі партиялар бар. Олардың ұстанымдары консервативті, либералды, ұлтшыл, социалист және тағы басқа болуы мүмкін. Бұл – табиғи үдеріс. Саяси плюрализм мемлекетті эволюциялық жолмен дамытуға және нығайтуға мүмкіндік береді. Саяси күштер осындай әралуан болса да, баршасын біріктіретін және бәріне ортақ құндылық бар. Ол – қастерлі Тәуелсіздік.

Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу.

XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген.

Тәуелсіздік жылдарында талантымен таңдай қақтырған жас өрендеріміздің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілеріміз, біздің айрықша күшіміз («soft power»). Осындай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті.

Жаһандану заманында айдай әлем алақандағыдай болып қалды. Талапты ұл-қыздарымыздың жер жүзіндегі кез-келген елге барып, білім алуы қалыпты үрдіске айналды. Сонда қалып, қызмет істеп жүргендер де аз емес. Осы орайда, ел ішінде жастар шетелге кетіп жатыр деген алаңдаушылық бар. Мен жастарымыз білімін жетілдіріп, бәрібір елге оралады немесе шетелде жүріп-ақ Қазақстанның мүддесін қорғайды деп сенемін.

Халқымыз «Атың барда жер таны, желіп жүріп» дейді. Кезінде Елбасы бозбала шағында Украинаға аттанып, еңбек, білім және әкімшілік дағдыларына ие болды. Мен де білім қуып Мәскеуге сапар шектім, өзге мемлекеттерде жұмыс істедім. Біздің талай замандастарымыз бүгінгі жастар сияқты алыс шетелдерге бара алмаса да, Кеңес Одағының түрлі қалаларында білім алды. Бірақ басым көпшілігі тамырынан ажырап, ол жақта біржола қалып қойған жоқ. Елге келіп, еңбек етті. Сондықтан жырақта жүрген жастарымыздан айырылып қаламыз деп уайымдаудың жөні жоқ. Біздің міндетіміз – олардың бойына мемлекетшілдік рухын сіңіріп, қай жерде жүрсе де туған елдің игілігіне қызмет етуге жұмылдыру. Мысалы, әлемнің ең дамыған елдерінде өз кәсіптерін бастаған және алпауыт компанияларда жұмыс істеп жүрген азаматтарымыздың осындағы замандастарымен байланысын нығайтып, тәлімгерлік етуіне жағдай жасауымыз керек.

Дарынды жастардың бәрі шетелде жүрген жоқ. Ел ішінде де білікті әрі білімді өрендер жетіп артылады. Біз оларды басшылардың жаңа буынын дайындауға барынша тартып жатырмыз. Менің бастамаммен құрылған Президенттік кадр резерві – осының айқын дәлелі. Жобаның келесі кезеңінде қоғам мүддесіне адал көшбасшыларды іріктеуге ерекше назар аударамыз. Билік органдарындағы азаматтар, ең алдымен, ұлттық мүддеге берік болуға тиіс.

«Жас келсе – іске» дейді халқымыз. Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан өскелең ұрпақтың осындай әлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалануымыз керек. Осы орайда Президент жанындағы Жастар кеңесінің қызметін жандандырған жөн. Оны білікті әрі білімді жастарды жұмылдыратын жүйелі жұмыс алаңына айналдырамыз. Бұдан бөлек, мен азаттық жылдарында дүниеге келген, әлі танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынамын.

Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезінеміз. Бұл ұстанымнан ешқашан айнымаймыз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету.

Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі.

Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек.

Барша отандастарыма, әсіресе, жастарға айтарым: кең байтақ Қазақстанды асқақ армандарың мен батыл жоспарларыңды емін-еркін жүзеге асыра алатын, табысыңа марқайып, әрдайым тілеуіңді тілейтін қасиетті Отаның ретінде бағалаңдар! Мен жаңа Қазақстан патриотизмінің жасампаздық құдіретіне сенемін.

Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс.

Ұлтымыздың ұлы ұстыны – қастерлі Тәуелсіздігіміз барша жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай берсін!

«Егемен Қазақстан»
5 қаңтар, 2021 жыл

Басы 1-бетте

МАҚАЛАНЫ ОҚЫҒАННАН КЕЙІН...

Тәуелсіздік тынысы тарылмайды

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» мақаласы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналады.

30 жылда «Біз қандай жетістіктерге жеттік, мемлекетімізді нығайту үшін тағы не істейміз?» деген сұрақтарға президент өз ойын білдіреді. Тәуелсіздіктің баға жетпес байлық екенін айта келіп, оның құндылығын мәңгі сақтау үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білу керектігін нақтылап айтты.

Тәуелсіздік жолында ата – бабаларымыз талай нәубетті басынан кешірді, осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан – ұрпаққа берілуі тиіс. Тәуелсіздік тарихы әлі толық зерттеліп біткен жоқ. Онымен саясатшылар емес, тарихшылар да айналысуы тиіс. Биыл Тәуелсіздікке 30 жыл, Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. Осыған байланысты Президент қандай жұмыстар атқарылуы керек екендігіне тоқталды.

Президент атап көрсеткен үш құндылықты – жеріміз, тіліміз, бірлігімізді көздің қарашығындай сақтау әрбір қазақстандықтың парызы мен міндеті. Тәуелсіздігіміздің мерей тойы қарсаңында қазақ халқының біртуар тұлғаларын еске алып, олардың мұрасын жастарымызға, өскелең ұрпаққа паш ету біздің міндетіміз.

Президент өз мақаласында «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу» деп атап көрсетті.

«ХХІ ғасыр білім мен біліктің дәуірі». Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс.

«Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуы керек. Жас ұрпақты өз Отанын сүйетін, өткенін зерделеп, келешегін кемел ететін патриоттық сезімге бай тұлға етіп тәрбиелеу әрбір қазақстандықтың ортақ парызы, міндеті .

Осы орайда №176 орта мектебінің ұстаздары да мақаладағы Президенттің ой – тұжырымдарын електен өткізіп, қолдау білдірді. Тәуелсіздіктің қадірін білу, оны бағалап, сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу бүкіл қоғамның, білім ошақтарының, ұстаздар мен ата-аналардың, әрбір азаматтың міндеті мен борышы деп есептейміз. Тәуелсіздігімізді сақтап, оны нығайту жолында жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде ұстаздардың еңбегі ерекше. Президенттің бұл мақаласы бізді жігерлендіріп, болашаққа деген сенімімізді нығайта түседі.

Қадыргүл ШАЙМАҒАНБЕТОВА,
№176 орта мектебінің директоры

«Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажет»

Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы маған тарихшы, ұстаз есебінде қатты әсер етті. Мақалада өткен жылдарға байыпты талдама жасалынып, бүгінгі және келер күннің тегеурiндерi дөп басып айтылды. Әсіресе, Тәуелсіздік алғаннан оны ұстап тұрудың қаншалықты қиын екендігі және оны әрдайым дәлелдеп отырудың қажеттілігі әрбір оқырманға үлкен ой салады.

Бүгінде жаһандану кезеңінде әлем елдері, тұтастай ұлттар бәсекеге түсіп, дамудың даңғыл жолына түсуде. Осы үдерісте біздің еліміздің жол шетінде қалып-қалмауы үшін әрбір азаматқа, өскелең жас ұрпаққа артылар салмақ орасан зор болмақ. Ол уақыт көшіне білім мен ғылымның жетістіктерін игерумен қатар, рухани-мәдени құндылықтарды және патриоттық рухты бойға сіңірумен байланысты.

Осы орайда Президентіміз тарихшылар қауымына үлкен жүк артып отыр. Ол – Ұлттық тарихымыздың академиялық еңбегін жазу, ХХ ғасырдағы зобалаң кезеңнің ақтаңдақ беттерін ашу. Бұл бағыттағы жұмыстар ұлттық сана-сезім мен рухтың кемелденуіне жол ашары сөзсіз. Сонымен қатар кинематография арқылы жастардың санасында тәуелсіздік ұғымын қастерлі ету, оның қадірін ұғындыру бағытында орасан зор жұмыстар жүргізілу керектігі айтылды. Біздің Ұлттық тарихымызда ұлтымыздың ұялар тұсы жоқ.

Мақала мазмұнында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы уақыттары айтылып жүрген түрлі алып-қашпа әңгімелерге де өзінің пікірін білдіріп, «Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді», – деді.

Уәлихан ИБРАЕВ,
тарихшы

Тарихи кинолар көбейсе...

Тәуелсіздік – ата-бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген күн. Биыл ел тәуелсіздігіне 30 жыл толады. Иә, бұған қол жеткізу оңай болған жоқ. Егеменді ел болғалы бізді әлем тани бастады. Жыл басындағы жақсы жаңалықтың бірі – Президентіміздің мақаласы жарық көрді. Кино саласында жүрген өнер адамы ретінде оқып, таныстым. Ой түйдім. Онда қазақтың рухын көтеретін, жастардың патриоттық сезімін оятатын дүниелер мазмұнды жазылған.

Соның ішінде кино саласына кеңінен тоқталған. Қазақ халқының тарихын әлемге киномен таныту керектігі жақсы қамтылды. Мен осы салада қызмет етіп, біраз киноға түсіп, актерлік қырымды танытып, еліміздің атын жақсы жағынан танылуына тамшыдай болса да перзенттік үлесімді қоссам деген ойдамын.

Президент айтып өткендей, тарихи кинолар түсірілді. Әлі де жалғасын табады. Оның ішінде «Көшпенділер», «Алмас қылыш», «Томирис», «Жау жүрек мың бала», «Тар заман», «Орбұлақ шайқасы», «Мұхаммед Хайдар Дулати» киносы көрермен көзайымына айналды. «Бірақ бұл әлі жеткіліксіз» деді Президент мақаласында. Расында да, жеткіліксіз. Жастардың рухын көтеретін, намысын оятатын, оларды жігерлендіретін мұндай фильмдер керек. Жалпы біздің қазақтың тарихын, жерін, тәуелсіздікке қалай қол жеткізгеніміз жайлы көп ел жетік біле бермейді. Сол себептен де тарихи фильмдерді түсіру керек. Өйткені кино арқылы тарихты да танытуға мүмкіндік мол. Сондай-ақ қазақ киноларын көбіне түнгі уақытқа қойған. Яғни арналардан отандық фильмдер түрік, үнді сериалдарынан кейін өте кеш көрсетіледі. Неге өз киноларымыз алдыңғы орында тұрмасқа? Осы жағына да назар аудару қажет.

Міне, Президент бұл мақаланы дер кезінде жазды деп есептеймін. Енді осы бағытта жұмыс істеп, біраз жетістікке жетуге болады. Бала кезімнен мысал келтіре кетсем, бес жасымда Рәзия әжем мені міндетті түрде түскі сағат үште ұйықтататын. Сол кезде маған «Еңлік-Кебек», «Мұңлық пен Зарлық», «Қобыланды батыр» жырларының күй таспасын қосып, тыңдатып, тәтті ұйқы сыйлайтын. Соның өзі маған жақсы әсер етті. Тыңдап жатып, кейіпкерлерін көз алдыма елестететінмін. Ал оянған сәтте бір ерекше рухпен жүресің. Қазір актер болып жүргенім осының нәтижесі шығар. Сондықтан жастарды да, жасөспірімдерді де осылай бала кезден баулыса деген ой туды. Бұл дегеніңіз, үлкен тәрбие.

Болашақта мендегі мақсат – Қызылорда облысынан Арал теңізі жайлы фильм түсіру. Сыр өңірінің тумасы ретінде осы ойымды жүзеге асырсам деген жоспарым бар. Өйткені Алаштың анасы атанған Қызылорда жайлы тарихи кино түсіріп, атын танытсақ үлкен игі іс болар еді.

Одан бөлек, үш жылдан бері Алматыдан өнер мектебін салып жатырмын. Ондағы ойым бойында қабілеті бар, киноға қызығатын жастардың актерлік шеберлігін дамытуды барынша қолға аламыз. Сондай-ақ автосервиске маман даярлап, оларды оқытсақ дейміз. Жалпы мектеп осы екі бағытта жұмыс істейді деген ойдамын. Содан соң туған қалам Қызылордадан осындай мектептің филиалын ашсам деп жүрмін. Егер қолдайтын ел ағалары болса, Президент тапсырғандай біз кино саласын одан әрі дамытып, жұмыс істеуге әзірміз.

Мұрат ЖАРЫЛҚАСЫНОВ,
кино актері

«САЙЛАУҒА ДАЙЫНБЫЗ»

дейді қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Ә.Ергешбаев



Облыс орталығында 120 сайлау учаскесі бар. Қазіргі таңда қала бойынша барлық сайлау учаскелері науқанға дайын. Саяси маңызды доданы өткізуге мыңнан астам комиссия мүшесі тиісті оқу курсынан өтті. Қызылорда қаласы бойынша барлығы 204702 сайлаушы бар. Оның ішінде 543 азамат үйден дауыс беруге өтініш білдірген.

Басы 1-бетте

Сондай-ақ сайлау науқаны пандемиялық ахуалға байланысты санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай жүргізіледі. Бұл ретте тиісті сала мамандарымен қажетті шаралар қабылданған.

Ал сайлаушылар тізімі арнайы ашылған дербес сайт та нақтыланған. Онда өзіңіздің қай учаскеде тіркелгеніңізді ЖСН теру арқылы білуге болады.

Айдана СЕЙІЛ

Жалағаш жерінен шыққан от ауызды, орақ тілді бидің бірі – Өмірбай бабамыз. Ол 1768 жылы Ақшығанақ елді мекенінде дүниеге келіпті. Байқон би: "Жүздібай, балаң ой мен тілге бай болар, үш жүзге даңқы жетер" деген екен. Айтса айтқандай, кезінде Өмірбай бабамыз үш жүзге танымал текті тұлға болған. Ол ел басына күн туған шақта елшілік жасаған, ағайын арасындағы дау-жанжалға төрелік айтып, жұрттың бірлігін сақтауға араласқан. Халық арасында Өмірбай шешен айтыпты деген аңызға бергісіз әңгіме көп. Бүгін соның бірнешеуін назарларыңызға ұсынамыз.

ЕСІМІ АЛАШҚА МӘЛІМ ӨМІРБАЙ БИ

БАЛА ӨМІРБАЙ БЕРГЕН БАТА

Ел аузында Өмірбай бидің бала күнінен сөзге шешен болғаны айтылады. Сондай аңыздардың бірінде Өмірбайдың сегіз жасында берген батасы жайлы сөз болады.

Кезіндегі Ақшығанақ ауылындағы бір кісінің баласы тұрмай, шетіней берген екен. Әлгі кісі ауыл ақсақалдарын жинап, ас береді. Ас ішіліп болған соң үй иесі ақсақалдардан бата сұрайды. Үлкендер жағы бір-біріне сілтеп, бата бере алмаса керек. Сонда табалдырыққа таяу тұрған бала Өмірбай: "Үлкен кісілер жаңылды,

Жаңылмаса, не қылды.
Төрден іздеген батаңыз,
Босағадан табылды.
Осы берген құдайың,
Алладан болсын қабылды,
Құдай ашсын бағыңды, – аумин" депті. Баланың батасынан кейін әлгі кісіні Құдай қолдап, перзентті болыпты. Осыдан кейін-ақ Өмірбайдың тасы тауға өрлеп, ел-халыққа таныла бастайды.

БОРБАС БАЙДЫҢ БАТАСЫ ҺӘМ ТАПТАЛҒАН ҚОЗЫҒА ШЫҒАРЫЛҒАН ШЕШІМ

Қазіргі Жамбыл облысының Сарысу ауданына қарасты аумақта өмір сүрген Борбас деген әрі бай, әрі парасатты кісі болған. Қонысы шалғай болғанымен, Сыр бойындағы ағайындармен жүздесіп-көрісуді аңсап, өз шаруасымен келген-кеткендер арқылы жеті рудың игі жақсыларынан хабар алып тұрады екен.

Бірде Сырдан Борбас байдың жағдайын білу мақсатында алты-жеті адам барып қайтады. Үлкендерге ілесіп он үш жасар Өмірбай да барады. Борбастың Жантас, Бектас, Алтыбас деген мырзалары болған. Алтыбас сол кезде оқу бітірген білікті азамат атанған кезі екен.

Он үш жасар қаршығадай баланың қияндағы елден ересектерге еріп келгеніне Алтыбас таңданып:

– Түріңе қарасам, ойын баласысың, ақсақалдарға еріп келгеніңнің мәнісі не? – дейді.

Сонда он үш жастағы Өмірбай:

– Ер бала он екі жасында балиғатқа жетеді. Әкелер мен көкелерге ергеннен нем кетеді. Есті болып ешкім де іштен тумайды. Игі жақсылардың әңгімелерінен бір сабақ жіп ілсем маған сол жетеді, – депті таңдайы тақылдап.

– Жарайды, балам, – дейді Алтыбасқа әкесі. – Қонақтың үлкен-кішісі жоқ, мазалай бермеңдер енді. Сонда Өмірбай іле-шала: – Дұрыс қой, көке, маған сұрақ бергені. Мүсіркеу түбі – азап, азаптың түбі – дозақ, ағаларымның маған сұрақ қойғаны – мені елегені. Мен үшін бұл – ғажап, – дейді.

Екі елдің ақсақал-қарасақалдары шұрқыраса табысып, ел-жұрттың амандық-саулығын сұрай, мәре-сәре болып, қысырдың тайын сойып, жатқанда, отау үйдің белдеуінде байлаулы тұрған түйенің бауырына көрші үйдің бір қозысы ойнақтап кіргенде түйе тарпып, қозыны өлтіріп қояды.

Борбас тұрымтайдай баланың әлгіндегі сөзіне еріксіз назар аударған еді. "Бұл бала, сөзіне қарағанда, тегі болайын деп тұрған науша-ау", – деп түйін түйген. Осы оймен әдейі Өмірбайды шақыртып алып:

– Ал, наушам, түйем тарпып, көршінің қозысын өлтірді. Осы қозының кесімін айтшы, – дейді. – Жақсы, көке! Наушаңа сенсең бұл кесімді, теріс айтсам тіл бетімді! Тарпыған аяғын кессем түйеңіз шолтақ болады, өркешін кессем молтақ болады, қозысынан айырылған адам осы түйенің қырыққан жүніне ортақ болады, – дейді жүзі балбұл жанып. Борбас балғын жастың өжет-өрлікпен сөз таба сөйлеуіне сүйсініп: –Талабыңа ақылың серік болғандай, жалғаншының шешімін тәрк қылғандай наушам екенсің. Ғұмырың ұзақ болғай, қара жүректілерге тұзақ болғай, ел-жұртыңа шырақ болғай. Жүзің жарқын ашық болсын, лебізіңе халқың ғашық болсын. Енші деп емес, бір жорға құнан тұсау кесер жоралғы болсын, – деп маңдайынан сүйген екен.

ӨМІРБАЙ БИДІҢ БАЙҚАДАМ БАТЫРДЫ КЕНЕСАРЫНЫҢ ТҰТҚЫНЫНАН БОСАТУЫ

Заманында Кенесары хан Байқадам батырмен шәлкемшалыс келіп, зынданға салдырады. Ел аузында сақталған аңыз бойынша, Кенесары хан Байқадамды «көтеріліске қарсылық білдірдің әрі әскерге адам бермедің» деп жазаламақшы болады. Сонда Тама руының биі Өмірбай шешен хан ордасына келіп: «Мен Таманың биі Өмірбаймын, сөзге шешен, әділдікке баймын. Жақсы адам жалынса барлық күнәсін кешеді, болатты тасқа салсаң кеседі. Кіші жүздің ішінде Жетіру деген елміз, батырды босат, болмаса тұрысатын жеріңді айт», – депті. Қазақта қонағына тиісу былай тұрсын, артық ауыз сөз айтпаған. Бұл үрдіс "Қасым ханның қасқа жолынан" мирас болған екен. Сонда Кенесары аталы жолдан жаңылмай келген биді қонақ етеді.

Хан Кене қазаққа аты мәлім Өмірбайға барлық құрметті көрсетіп, жөн-жоралғыны жасайды. Дастарханға ас келіп, Өмірбай биге бас тартылып жатқанда ол табақшыларға "қоя тұр" дегендей ишара жасап:

– Кенеке, даңқың алты Алашқа танымал қол бастаған батырсың, ел бастаған көсемсің. Ата салтымызда ағаның алдына түскенді көріп пе едің? Мен ағам Байқадам тұрғанда бас ұстамаймын, – деген екен.

Аталы сөзге тоқтаған Кенесары Байқадам батырды зынданнан алдырып, Өмірбай шешенмен табыстырған көрінеді.

Сол кезде Байқадам батыр «Әкең Қасымды қоқандықтар өлтіргенде қасында ешбір қазақ баласы жоқ еді, әкеңнің қаны үшін мен Қоқанды үш рет шауып едім. Сол еңбегім бүгін қайтты ғой»,–депті. Байқадам батырдың ұтымды әрі тауып айтқан сөзіне тоқтаған Кенесары хан батырға сый-сияпат көрсетіп, татуласқан көрінеді.

БҰҚАРБАЙ БАТЫРДЫҢ ӨМІРБАЙ БИГЕ АРҒЫМАҚ СЫЙЛАУЫ

Өмірбай шешен өзімен сыйлас батыр інісі Бұқарбайдың ауылына келіп түседі. Мұндағылар биді құшақ ашып қарсы алып, барлық жағдайын жасайды. Бірер аптадан соң еліне қайтарда батыр інісі Өмекеңнің шаруасын сұрайды.

– Бөтен шаруам жоқ, шырағым! Жас болса ұлғайып қалды, көзімнің тірісінде өзіңді көріп, дидарласқаным ғой. Сосынғы шаруам аттың майын сұраған. Сексен деген жасыңыз құрулы тұрған тор екен. Мініп-түсер көнтулақтың жоқтығы бұл жалғанның қоры екен. Көз кіреуке, көңіл пәс, кәрілік деген сор екен. Шынымды айтсам, қарға адым жер арман боп тұр. Алдым қазылған ор екен, – деп тақпақтай жөнеледі.

Атқосшыларының биге мінгізген аты ұнамай, ағасынан кешірім сұрап, дереу алмастыртады. Сонда Өмекең жұмсақ жымиып:

– Уа, батыр інім, оқасы жоқ. Кәрі болса, замандасы жауыр болса, тоқым сап, амалдасын деген шығар, батыр інісі ұсынған соң қалайша оны олқысынып, жамандасын, – десе керек. Өмекең сол сапарда Бұқарбайдың мәрттігі мен мырзалығына, үлкенге деген ізеттілігі мен инабаттылығына қатты риза болып, бір жасап қалады. Меккенің жүзін көргендей керемет сезімде болып, ақ батасын беріп аттанады ауылына. Батыр інісі сыйға тартқан сол сәйгүлік Өмекең қашан дүниеден өткенше сенімді серігі болған деседі.

P.S. Біз Өмірбай шешеннің өміріне толық тоқталған жоқпыз. Бір ғана мақаламен оның бүкіл ғұмырын бейнелеп беру мүмкін де емес. Сол себепті ел аузындағы аңыздарды біріктіріп, өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамдағы рөлін бедерлеумен шектелдік.

Ә.ЖҰМАДІЛДАҰЛЫ

БҰЛБҰЛ ӘНШІ, ҚАҺАРМАН АРУ

Кішкентай Розаның әнші болуына әжесі мен анасы бірден-бір себепкер. Жоғары білімі болмаса да кішкентай қызға халық әндерін жаттатқызған әже мен ана еңбегі еш кетпеді. Роза Бағланова өнер жолын Өзбекстан елінің сахнасында бастады. Ол бұл туралы өз естеліктерінде былай деп жазады:

– Үй тірлігін жасап жүргенімде ән салатын әдетім бар еді. Әлі есімде, есіктің алдын сыпырып жүріп әндеткен қыздың даусын естіп, өзбек филармониясының директоры «Ән айтқан кім?» деп іздеп келді. Менің әншілік өмір жолымды, бағымды ашқан сол Кари Якупов әка еді. Содан Кари әканың көмегімен Ташкент филармониясындағы мемлекеттік әйелдер ән-би ансамблінде әнші болдым. Одан соң 1941 жылы Москва консерваториясына жолдама алғанымда соғыс басталып кетті, – дейді әнші өзінің бір сұхбатында.

Ансамбльмен әнші майдан даласында өнер көрсетіп, 1945 жылы Берлиндегі жеңіс концертінде ән шырқайды. Өзбекстан атынан талай сахнада ән шырқаған қазақ қызының елге оралуы да бір оқиға. Белгілі ақын Жұбан Молдағалиев каршадай қазақ қызының елге келуіне көп еңбек етеді.

Ол кезде Жұбан Молдағалиев Мәскеудегі Жоғарғы партия мектебінде оқып жүрген. Кейін бұлбұл әнші ақынның қолдауымен 1949 жылы елге оралады. Одан кейін де Ж.Молдағалиев қазақ қызына қамқорлық көрсетіп, Будапештте өткен ән жарысына Розаны өзі апарған екен.

Басы 1-бетте

Өнерімен қалың көрерменнің ықыласына бөленген әнші қыз талай конкурста жеңімпаз атанған. Оның ішінде Бухарестте өткен жастар мен студенттердің II Бүкілдүниежүзілік фестивалінде «Ах, Самара, городок» әнін шырқап, лауреат атануы КСРО-ның атағын асырды. Сондай-ақ ол 1946 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық эстрада әншілерінің II-конкурсының дипломанты атанды.

Әнші қыздың артынан айтылған ауыр сөздер, алып-қашпа әңгімелер де аз болмаған. Алайда соның ішінде пластикалық операция туралы сөздер оның жанына қатты ауыр тиді.

«1944 жылы жауынгерлерге концерт қойып жүргенде, майдан даласында бетімді снарядтың жарықшағы жанып өтіп, көзіме зақым келді. 1979 жылы екі көзім бірдей көрмей қалды. Сол жылы Павлодар қаласындағы жоспарлы концертімнен де қалмадым. Сахнаға жетектеп шыққан адамдар куә. Алдымен Жаратқанның, содан соң дәрігерлердің құдыретімен жанарымды сақтап қалдым. Көпшілікке топырақ шаша алмайсың, көзін әдемілеймін деп пластикалық ота жасатып, соқыр бола жаздапты деп жұрт гуілдеп жүр енді», – деп ренжіген еді бұлбұл әнші бір кездері.

Шығармашылық жолында әншінің алған марапаттары бір төбе. Ол «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Құрмет белгісі» және Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы атанды. Әнші туралы «Первая Роза» мен «Ах, Самара, городок» атты көркем фильмдер түсірілген. Халық қаһарманының ұзақ жылдық еңбегі еленіп, «Тарлан» қоғамдық және «Дәнекер» халықаралық сыйлығын иеленді. Кезекті гастрольдік сапарында Елизавета патшайым орыс қыздарын елемей, бірден Бағлановаға қарай тартып тұрады. «Қазақ әйелдерінің киген киіміне қарап-ақ олардың қандай халық болғанын тануға болады. Бұл киім байлық пен талғамды аңғартады», – депті патшайым әншіге. Міне, осылайша бұлбұл қыз өзінің өнерімен ғана емес, ұлтына деген сүйіспеншілігі мен көрерменнің ықыласына бөленіп, талайды талантымен таңдандырған.

Ол Абай атындағы Қазақ опера және балет театрында әнші болып, Жамбыл атындағы республикалық филармонияның солисі қызметтерін атқарды. Кейін 1960 жылдан бастап «Қазақконцерттің» әнші-солисі, жетекші сахна шебері болып еңбек етті. Күміс көмей әнші 2011 жылдың 8 ақпанында 89 жасында дүниеден өтті.

Туған жері Қазалы ауданында Роза Бағланованың ескерткіш-бюсті бар. Сонымен қатар мұражайы және есімі берілген көше бар. Әйтеке би ауданындағы орталық көше мен мәдениет үйіне әншінің аты берілген. Онымен қоса бүгінде «Ақмаңдайлым» атты Роза Бағланова атындағы республикалық әншілер конкурсы дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді.

Есімі халық есінде мәңгі сақталып, төл өнердің маңдайалды майталманы атанды. Сол себептен аңызға айналған қазақтың бұлбұл әншісін ұлықтап, есімін күллі әлемге танытуымыз қажет. Елі үшін еңбек еткен жан құрметке бөленуі, есімі еленуі керек.

2021 жылы МӘМС үшін кімге және қанша төлеу керек?

Сақтандыру мәртебеңізді ыңғайлы түрде тексеріңіз:

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының fms.kz сайты (оң жақ төменгі бұрыштағы қалқымалы терезе)

Электрондық үкіметтің egov.kz веб-сайты (жеке кабинетте және «денсаулық сақтау» бөлімінде)

Telegram-дағы SaqtandyryBot («Сақтандыру мәртебесін анықтау» басты мәзірінде)

Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы («Сақтандыру мәртебесін анықтау» басты мәзірінде)

Міндетті медициналық сақтандыру үшін қанша төлеу керек?

Егер сіз сақтандырылмаған болсаңыз, төлеуші санатына қарай МӘМС-ға ай сайынғы төлем мөлшерін анықтаңыз:

Азаматтардың 15 жеңілдікті санаты-жарналарды мемлекет төлейді

Жалдамалы жұмыскер - төлемді жұмыс берушінің бухгалтерия бөлімі жарналарды есептеу объектісінің 2%-ы (салыстыру үшін, 2020 жылы-1%) және еңбекақы төлеу қорының 2% - ы мөлшерінде жүргізеді

Жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының иелері, жеке практикамен айналысатын жеке тұлғалар – 1,4 ең төменгі жалақының 5%-ы (ең төменгі жалақы 2021 ж. 42500 теңгені құрайды, сондықтан төлем мөлшері өзгеріссіз қалады – 2975 теңге)

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (жалдамалы қызметкерлерсіз және ЖК тіркеусіз қызмет көрсететін тұлғалар)/ Бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер – республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін 1 АЕК (01.01.2021 ж.- 2917 теңге), басқа елді мекендер үшін - 0,5 АЕК (01.01.2021 ж. - 1458,5 теңге)

Дербес төлеуші – 1 ең төменгі жалақыдан 5% (2021 жылы ЕТЖ мөлшері өзгермегендіктен 2125 теңге).

АҚС шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар – табыстан 2% (2020 жылы 1% ұсталды), бұл ретте ең жоғары мүмкін төлем 8500 теңге яғни 10 ең төменгі жалақыдан 2%, 42500 х 2% = 8500).

МӘМС үшін қайда төлеу керек?

Сіз жарналарды төлеп, сақтандырыла аласыз:

- Екінші деңгейдегі банктер және олардың интернет-сервистері;
- Kaspi.kz мобильді қосымшасы;
- «Қазпочта» АҚ филиалдары;
- төлем терминалдары (Qiwi, Kassa24 және т.б.)
- медициналық ұйымдарда жедел төлем үшін терминалдар.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі

ОЙТҮРТКІ

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Қарап отырсақ, қазір бәрі де онлайн... Осы уақытқа дейін біз оқушылар мектепке бармай онлайн оқиды, үлкендер онлайн арқылы жұмыс істейді деп ойладық па?

БҮГІНГІНІҢ БАЛАСЫ ОНЛАЙН ОЙНАЙДЫ

Қысқы кештің бір сәтінде үйге туысқан ағамыз келді. Қонақ келсе, дастарқан жайып, жылы қарсы алатын қазақтың әдемі салты емес пе... Қою сүтпен және анамның баппен демделген тәтті шәйі үстінде қызықты әңгімелер жалғасын тапты.

– Мен жастардың тәрбиесіне қатты алаңдаймын. Таңнан кешке дейін телефоннан бас көтермейді, – деп бастады әңгімесін ағамыз. «Біздің кезімізде далада қар жауса қуанып, сол күні үй көрмей кететінбіз. Асыр сала ойнап, ойынға тоймай үйге әрең кіретін едік. Қазіргі балалар ойнамақ түгілі анда-санда бір жауған қарға да қуанбайды. Ал телефон бұзылса жылайды. Тіпті үйден шығара алмай қалдық» – деген ағам ойын ортаға тағы салды.

Расында да, сөзінің жаны бар. Сол кезде балалық шағым еріксіз еске түсті. Оны да айтып, бір күліп алдық. Ол кезде күннің аязына да қарамаймыз. Бізге қар жауса болды. Мектептен келе сала сабақты тездетіп оқып, далаға кеткенше асығатынбыз. Содан көрші балалар шығады, қысқы қызық ойындар басталатын. Арасында аққала жасап жарысу тағы бар. Кеш түсіп, күн ерте батады. «Шынықсаң шымыр болып өсесің» деген сөзді үлкендерімізден естіп алған біздер оңайлықпен үйге кіргіміз жоқ. Әйтеуір ата-анамыздың айқайынан әрең кіретін едік.

Одан піләкпен су таситынбыз. Ол да бір өзінше қызық болатын. Өйткені суды сылтауратып шығып, ар жағынан сырғанақ тебетін сәтке уақыт табатынбыз. Ол сырғанақты өзіміз су құйып жасап аламыз. Күннің суығынан құйған суымыз мұз болып қатып, соңы коньки тебуге арналғандай жалтыраған мұз айдыны шығатын. Ойын баласы болған соң арасында шөлдейсің, бірақ үйге бармайсың. Себебі ұсталып қалатыныңды білесің. Оның да амалын қарастырып қойғанбыз. Мұз жеп аламыз. Қар ұстаған қолғап су болғанша жүре беретін едік. Сонда тұмау, салқын тиіп ауыру деген жоқ.

Айтпақшы, шанамызды сәндеп, атамыз тұлпарын, әкеміз көлігін баптағандай күтетінбіз. Кімнің шанасы жаңа болса, соған қызыға қарайтынбыз. Шана сынса, бүгінгінің баласы телефон бұзылғандай жылайтынбыз. Иә, біз солай есейдік. Тәтті балалық шақ қайтып келмейді...

Ал бүгінгі балалардың балалық шағы қалай өтуде? Әрине, онлайнмен. «Заманына қарай адамы» дегендей, олардың ойыны да – виртуалды. Сыртқа шығып серуендеу, бір-бірімен жүзбе-жүз отырып сөйлесу деген ұмытыла бастаған. Оның орнына бір бөлмеге кіріп, оңашада шетелдің атыс-шабыс ойындарын жеңсе болды. Егер жеңбей қалса, «ұлы айқай». Жеңіске жете алмай ақысын өзінен емес, қолындағы телефоннан алады, бұртиып, ашуланады. Ондайда ешкімнің сөзін көтермейді. Дәл осындай оқиға кез келген үйде кездеседі десем артық айтқандық емес.

Кей ата-аналар бар, баласы тыныш болсын деп қолына телефонды ұстатып, өздері үйреткен. Ал соңында «баламыз ешкіммен араласпайды. Алаңсыз өзімен өзі» деп ренжіп жатады. Әрине, көпке топырақ шашпаймыз.

Телефонға телмірген заман дейміз, қазір мына пандемия кезінде әр балаға бір телефоннан ұстатып, одан сайын телміртіп қойдық. Осыдан кейін кімді кінәлайсыз? Тіпті баласының қандай ойын ойнап немесе қай сайтқа кіріп жүргенін білмейтін ата-аналар да баршылық. Оларға баласының болашағынан гөрі дәл осы кезде жан тыныштығы маңызды болып тұр. Әйткенмен, кеш қалып, кейін өкінгеннен қазірден бастап қолға алсаңыз, бәрін де реттеуге мүмкіндік бар.

Тілші түйіні:

Әрине, баланың техниканы меңгергені дұрыс-ақ. Алайда ол көзіне, одан кейін өзіне зиян келтіріп алуы да ықтимал. Себебі соңғы кезде көзі нашар көріп, жастай көзілдірікпен «дос» болып жүргендері қаншама... Оған қоса кейінгі кезде еңсесін төмен ұстап, еңкейіп жүретіндер де жеткілікті. Міне, мұның соңында телефон тұр. Осы тұста айта кететін жайт, ата-аналарға уақытпен дос болып, бір мезет балаңызды өзіңіз сыртқа серуендеуге шығармасаңыз, ол өздігінен шықпайды. Сондықтан айналып келгенде көп нәрсе тағы да ата-аналарға байланысты болмақ.

Ал, сіз балаңыздың қандай ойын ойнап жүргенін білесіз бе?

ӘБІГЕР ӘЛЕМ

BBC NEWS

ҚАЙТА ӨРШІГЕН ДЕРТ

Қытайда коронавирус індеті қайта өршіді. Апта басында ҚХР билігі солтүстік өңірдегі Шицзячжуан қаласындағы 11 млн тұрғынды оқшаулады. Себебі шаһарда коронавирус індетінің 100 дерегі тіркелген. Аталған оқиға туралы «ВВС» арнасы жұма күні арнайы хабар дайындап, жағдайдың мән-жайын анықтауға қадам жасады.

«Қала оқшауланғаннан кейін 5000-ға жуық тест құралы мен 100-ден астам дәрігерлер жеткізілді. Қытай үкіметі қай жерде вирус белгісі байқалса, сол жерде қатаң шаралар қабылдап, халықтың түгелге дерлік тест тапсыруын қадағалайды. Мәселен, бейсенбіде Хэбэй аймағында коронавирус дерегі тіркелгенде азаматтарды бақылауда ұстап, адамдарды тұрғылықты мекенінен шығармауға күш салған.

Қазіргі таңда қалаішілік қатынас жолынан өзге көлік қозғалысы тежелді. Биліктің жағдайға аса мән бергені соншама, қаладағы пошта қызметін бірнеше күнге тоқтатқан. Жол ережесін қадағалайтын полицейлерге қорғаныс костюмін киіп, қауіпсіздікті сақтау жүктелген. Тіпті «China Daily» мемлекеттік газетінде ережені сақтамаған бірнеше құқық қорғау органы қызметкерін жазалау туралы ақпарат таратты. Елдегі денсаулық сақтау басшысы У Хао басылымға берген мәліметінде: «Аймақтарда азаматтар тұрақты ем қабылдап, оқшаулау талабын орындап, жағдайды дәрігерлерге хабарлап отыруы қажет. Бұл дерттің асқынуына жол бермейді» деген.

Сонымен қатар хабар барысында Қытайдың ахуалды толық қолға алуға мүмкіндігі сараланған: «Бұған дейін қараша айында Циндао қаласындағы 9 млн халық бес күнде толық тесттен өткен. Дәл сол айда Қашқар билігі (Шыңжаң аймағы) 4,7 млн тұрғынды аз уақытта тексеріп үлгерген».

CNN

КҮМӘНДІ ҚҰТҚАРУ

Өткен аптада Нигерияның солтүстік-батысындағы қарақшылар Канкара мектебінен жүздеген баланы ұрлап әкетті деген ақпарт ғаламдық БАҚ-та қызу талқыға түскен болатын. Әлемдік қауымдастықтар ел билігінен дереу мәселені назарға алуын талап етіп, қажет жағдайда әскери күш пайдалануды ұсынған. Енді, міне, «CNN» арнасының тілшісі Эоин МакСвини оқиғаға қатысты жағымды жаңалықпен бөлісіп, балалардың босатылғанын хабарлады.

«Өткен аптада Кацина штатындағы 300-ге жуық мектеп оқушысы із-түссіз жоғалып кеткен еді. Іздеу жұмыстары нәтижесінде Нигерия қарулы күші бейсенбі күні кешке әскери операция жүргізіп, балаларды құтқарды. Билік өкілі Абду Лабарананың айтуынша, бұған дейін кінәлі деп танылған «Боко Харам» ұйымының іске қатысы болмай шықты. Оқушыларды ұрлаған өзге террористік топтың қарақшылары екен. Алайда «CNN» арнасы нақты зерттеу жұмысын жүргізе алмады».

Хабарда ел президенті Мухаммаду Бухаридің Twitter желісінде жарияланған «Бұл еліміздің мойнынан ауыр жүкті түсірді» деген мәлімдемесі көрсетілді. Сонымен қатар президент халыққа шыдам мен төзім қажет екенін айтып: «Әкімшілік нигериялықтардың өмірі мен бостандығы үшін жауапкер екенін мойындайды. Сондықтан халықтан елдегі экономикалық, жемқорлық, қауіпсіздік мәселесін шешуге сенім білдіруін сұраймын» деді.

Бұған дейін оқушыларды ұрлаған қарақшылардың билікке бейне үндеуі ғаламторда тараған еді. Онда қылмыскерлер мемлекеттен батыс білімін таратып жатқан мектептерді жабуды және балаларды іздеуге шыққан әскери күшті қайтаруды талап еткен. Бір қызығы, хабар авторы бейнежазбадағы дауыстың қатысы жоқ деген «Боко Харам» тобының жетекшісі Абубакар Шекауға тиесілі болуы мүмкін екенін айтады. Бұған сарапшылардың пікірі дәлел болған. Сондықтан істің тәуелсіз қауымдастықтар тарапынан жіті бақылауға алынуы маңызды деген қорытындыға келеді.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Ерсін ШАМШАДИН

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4799 Тапсырыс №28

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ